

FTAXP 17.82

Т.С. Тебегенов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

## ӨМІР ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫСЫ

**Аңдатпа.** Әлем өркениеті кеңістігіндегі халықтардың сөз өнері мұралары - жалпыадамзатқа ортақ рухани құндылық қазынасы. Авторлары ұмытылған – фольклорланған мұралар мен авторлары мәлім ауызша және жазбаша әдебиет туындылары көрнек өнерінің барлық түрлері (сөз өнері, әуез өнері, бейнелеу өнері, сымбат өнері, сәулет өнері) көркемдік-эстетикалық заңдылықтары негізінде жасалып, тіршіліктану әлемінің сан түрлі бояулы, көп дауысты, мол үнді, әрі үндес, әрі бір-біріне ұқсамайтын болмысты-бітімді, ғарыштық-ғаламдық кеңістік заттарының, құбылыстарының болмысын танытады. Бұл орайда, академик-жазушы З. Қабдоловтың көркемөнер түрлеріне, оның ішінде әдеби шығармаларға тән поэтикалық-эстетикалық сипат туралы бағалауын айрықша назарға аламыз.

**Кілт сөздер:** күй өнері, ақын, күйші, сипаттама, тартыс, текетірес, көзқарас, домбыра, дүниетаным.

\*\*\*

**Аннотация.** В статье были проанализированы жанрово-стилевые и художественно-философские особенности повести писателя Т.Рахымжанова «Күй аты - Дайрабай». В повести писателя Т.Н. Рахымжанова «Күй аты – «Дайрабай» изображены различные социально - правовые условия быта людей казахского аула в колониальный период. Используя критический реализм, описаны конфликты людей в среде одного народа, где была утеряна социально-правовая справедливость. Противоречивые действия людей различных характеров мастерски обрисованы законами художественной поэтики и приемами критического реализма. Основы закона философии жизни предусматривают поражение зла и самоуправства, с оптимизмом утверждая торжество добра. Благодаря художественному завершению произведения автора, люди искусства наделены всенародным признанием и вечным почитанием.

**Ключевые слова:** искусство кюя, поэт, исполнитель кюя, характеристика, конфликт, противостояние, точка зрения, домбра, познание мира.

\*\*\*

**Abstract:** The article analyzes the genre-stylistic, artistic and philosophical novel features of the writer T. Rahymzhanova in "kui aty - Dairabai" work. In the works of T.N. Rakhimzhanova «Kui aty – «Dairabai» reveals various socio-legal conditions of life of the Kazakh people in the village during the colonial period. With help of critical realism, describes the conflicts among the people of one nation, that had lost social and legal justice. Contradictory actions of people of different characters masterfully outlined the laws of artistic poetics and techniques of critical realism. Fundamentals of philosophy law is that life proves the defeat of evil and arbitrariness, optimistically assert the triumph of good. Due to the completion of the artistic works of the author artists endowed with national recognition and eternal worship.

**Key words:** kui art, poet, artist kui, characterization, conflict, confrontation, point of view, dombra, knowledge of the world.

«...Өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн – адамның ойы, арманы, құштарлығы, мұраты; өнер туындысының қандай түрі болсын, әрқайсысы өз тілінде өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен мағынасын ғана баяндап жатады.

...Адам тағдыры – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсіліде: өмірде көрген тірі адамдар туралы, олардың хал-күйі, кескін-кейпі туралы тебірене, толғана ойланудан көбіне сурет-кердің сол адамдар өмір сүрген қоғам туралы көзқарасы қалыптасады, нәтижесінде сол қоғамдық шындықты көркем жинақтау мақсатындағы творчестволық әрекеті басталып кетеді» [1,119-б.].

Бұл – көркем шығармаларымен (поэзиялық, прозалық, драматургиялық) мыңдаған, миллиондаған оқырмандарының жүректерінен орын алған танымал шығармашылық тұлғаларға ортақ жағдай. Бұл орайда, XX ғасырдың 70-90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы әдеби үдерісте сөз өнері тарихында поэзиядағы, прозадағы көркем шығармаларымен, әдебиеттанудағы іргелі ғылыми-зерттеулерімен үлес қосқан танымал шығармашылық тұлға Теңізбай Нәбиұлы Рахымжановтың да өзіндік орнына айқын баға береміз.

Жазушының поэзиялық [2,3] прозалық шығармалары XX ғасырдың 70-90-жылдары мен қазіргі әдеби үдерістегі көркемдік-эстетикалық тағылымымен ерекшеленеді. Жазушының әңгімелері («Оралу», 1982[4,109-155-бб]; «Кенже ұл», 1989; «Әке көңілі», 1984; «Боранды түнде», 1984; «Қыран қия», 1984 [5,154-199-бб.]; «Тойтарқар», 1988; «Қисық бұтақ», 1988, «Ат тұяғын тай басар», 1988 [6,187-223-бб.]), повестері («Таңсәріде», 1982 [4,3-108-бб]; «Туыскандар», 1984[5,3-154-бб.]; «Көгілдір тырналар», 1988[6,5-186-бб.]; «Жел өтіндегі ұя», 1990; «Күй аты – «Дайрабай», 1992 [8,191-304-бб.] – бәрі де қаламгерді қалың оқырмандарына танымал еткен көркем шығармалары.

Жазушының прозалық туындыларында қазақ ауылының көпғасырлық тіршілік кезеңдеріндегі халықтық-этнографиялық сипатты тұрмысы, тіршілік қозғалыстары жүйесіндегі өзара қарым-қатынастары мәдениетінің ұлттық болмысы, тағдыр таукыметтерімен бетпе-бет келген жеке адамдардың, олармен бірге әлеуметтік орта мүшелерінің - бәрінің амалдары-әрекеттері, материалдық жағдайлары әралуан адамдар араларындағы өзара келісімдер мен қақтығыстар, мінез-құлық психологиясының әралуандығы аясындағы үндестіктер мен қайшылықтар, т.б. – саналуан қасиеттер, құбылыстар, оқиғалар романтикалық және реалистік сарындар тұтастығына негізделген поэтикалық-стильдік өрнектермен жазылған. Жазушының көркем шығармаларындағы кейіпкерлер дүниетанымының, портреттерінің әралуандығы, оларға қатысатын оқиғалардағы саналуан қақтығыстар, туындылардағы табиғат құбылыстары мен адамдар көңіл-күйлері сабақтасқан психологиялық егіздеулер, т.б. – поэтикалық ерекшеліктердің қазіргі заманғы өмір сүру философиясы аясындағы шығармашылық стиль жүйесінде бағаланғанын дәйектейді. Испан философы Хосе Ортега-и Гассеттің (Ortega-y Gasset) (1883-1955) «Адам және адамдар» атты еңбегіндегі өмір сүру философиясына қатысты тұжырымдары шығармаларға негіз-арқау болған көркем шындық идеяларын бағалауға бағдарлайды: «...Өмір сүру дегеніміз міндетті түрде өзінің шеңберінен абсолютті сыртқа, ортаға, әлемге шығу дегенді білдіреді, - бұл дегеніңіз, үнемі, толассыз бұл әлемді құрайтын минералдарға, өсімдіктерге, жануарларға, басқа адамдарға яғни барлығымен қақтығысу және қарсы тұру. Бұның болмауы мүмкін емес» [9,459-б.].

Жазушының «Күй аты – «Дайрабай» повесі алғаш рет «Жұлдыз» (1992, №2, 63-101-бб) журналында, одан кейін «Сарыарқа кітапханасы» сериясымен жарияланған жинақта (2014, 191-304-бб.) жарық көрді. Повестің тақырыбы – қазақ халқының Ресейдің отарлық бұғауындағы тарихи кезең шындығы, идеясы – адамдар ортасындағы құқықтың, әділдіктің озбыр, пасық пиғылды байлық, билік иелері салдарынан мәңгілік бағаланбайтынын, әлеуметтік-құқықтық әділеттіліктің аяққа тапталатынын әшкерелеу.

Повестің көркемдік арқауында – дара дарынды, киелі өнер иесі, ақын, күйші Дайрабай мен оның әкесі Ағабек, анасы Мәпеш және оларға қарама-қарсы мінез-құлық иелерінің (Күпілдек қара шал Көбен, оның жандайшабы – жағымпаз атшабары Құлғара, болыс Есбол, т.б.) қақтығысты-қайшылықты іс-әрекеттері көркем шындықпен суреттелген.

Повестің сюжеттік-композициялық желісіндегі оқиғалар жүйесі эпикалық туындының көркемдік-эстетикалық сипатын айқындайды. Сюжеттің басталуы – дәулетті, ел арасында Күпілдек Көбен атанған шалдың жалғыз ұлы Нарқоспаққа кедей Еңсегеннің сұлу қызы Ақбілекті

айттырып, енді келін түсіру қамында отырғаны, ағайыны, аталас туысы Ағабектің ұлы Дайрабайға бұрын өзі «Жалпақ қоян» жұтында тартып алған Шұбарағаш қыстауына олардың қайта орналасуына рұқсат бергені, Көбен шал үйінде Дайрабайдың ән шырқаған, күй төгілткені баяндалған. Сюжеттің дамуында Ақбілек қалыңдықтың әкесі Еңсеген аулына күйеу бала мен құдалар тобының келгені, осы топпен келген Дайрабайдың ән («Қарғаш») шырқағаны, күй («Қорқыт ата күйлері», «Алабайрақ», «Аққу айрылған», т.б.) төгілткені, Дайрабай мен Ақбілектің оңашада қауышуы, оны Көбеннің көріп қалғаны, қорланған Көбеннің Есбол болысқа барып Дайрабайды жазалауды, Шұбарағаш қыстауын, Ағабекке берген өзінің баласы Нарқоспаққа меншіктеп беруін сұрауы айтылған. Сюжетте эпикалық авторлық баяндаулар, кейіпкерлердің монологтары, диалогтары өмір шындығын реалистікпен суреттеуімен ерекшеленеді. Кейіпкерлердің даралана мінезделуі де осы сюжеттік даму бөлігінде саралана байқалады. Күпілдек Көбеннің зорлықшылдығы, екіжүзділігі «Жалпақ қоян» жұтында ағайын-туысы Ағабек әулетінен қонысы Шұбарағашты тартып алғаны, енді баласын үйлендіру кезінде уақытша алдаусыратып сол қыстауға қайта қоныстануға уәде еткені, нәтижесінде туысы Дайрабайға өтірік күліп жүріп, оның болашақ келініне ғашықтығын білгесін уәдесінен тайқып, Шұбарағашты өзінің баласының атына жаздырып алғысы келген, бірақ Есбол болыстың қыстауды орыстың қоныс аударушы мұжықтарына бергені - осындай адамдар болмысына тән қасиеттердің көркем жинақталуы тұрғысында бейнеленген. Сюжеттің шиеленісті танытатын оқиғалар (Шұбарағаш қыстауының берілгеніне нанып көшіп келген Ағабек әулетінің дағдарысы, күйзелісі, Күпілдек Көбеннің, оның жандайшабы Құлғараның ұйымдастырған ұрлық-барымта сапарынан Ағабектің кіші ұлы Шақантайдың ауыр жараланып, мәңгі мүгедек болғаны, Көбенді, оның жандайшабы атшабар Құлғараны жазалауға келген Дайрабайдың тең емес шайқаста жеңіліп, тұтқындалып түрмеге түскені, Ақбілек арудың боранда адасып өлгені жүйелене суреттелген. Шығарма сюжетінің шиеленісті оқиғалары адамзат ұрпақтарының мыңдаған жылдар бойы осындай қақтығыстар-қайшылықтар шырмауындағы тағдырын күрделі психологиялық сипатын айқын елестетеді.

Сюжеттің шарықтау шегінде түрмеден қашып шыққан басты кейіпкер Дайрабайға ел ағасы, абыз ақсақал Кәрібоздың, әкесі Ағабектің, анасы Мәпештің ақылымен оның енді Сыр өңіріндегі нағашы жұртына аттануы да өмір шындығына сәйкес үйлесіммен берілген.

Повестің арқауындағы негізгі коллизия - қақтығыс – дүниетанымдық көзқарастары қарама-қайшы жеке адамдардың, олардың өздерімен тектес әлеуметтік топтардың араларында өрбуімен байқалады. Қазіргі заманғы мәдени-философиялық анықтама бойынша: «Коллизия (лат. Collisio – қақтығыс) – қарама-қарсы күштердің,

көзқарастардың, ұмтылыстардың, мақсаттардың қақтығысын білдіретін термин. Көркем коллизия – көркем шығармадағы кейіпкерлердің, ондағы оқиға шиеленістерінің қақтығыстарының көрінісі. Көркем коллизия тікелей шығарманың сюжетінде оқиғадағы тартыста байқалады» [10, 134-135-бб.].

Жазушы Теңізбай повесінің сюжетіндегі басты кейіпкерлер қақтығыстарының тарихи-поэтикалық бейнеленуінің халық тағдырына қатысты қоғамдық-әлеуметтік кең ауқымдылығының «Конфликт (лат. *conflictus* – қақтығыс) қарама-қарсы көзқарастардың, пікірлердің, мақсаттардың қақтығысы.

...Көркем шығармада оқиғаға қатысушы бейнелердің қарама-қарсы іс-әрекет, қимылын көркемдік шиеленіс деп атайды» [10, 136-б.] тұжырымына да сәйкестігін аңғарамыз. Жазушының халық тарихының күрделі кезеңіндегі (саяси-қоғамдық-әлеуметтік ауқымдағы мәселелер қақтығыстарын (конфликт), солардың ішіндегі тектес әлеуметтік топтардың өз ішінде де күнделікті тұрмыстық қарым-қатынастардағы жекелеген қайшылықтарды (коллизияларды) саралаудағы «Егер конфликтіде ірі тартыстар, ауқымды заманалық күрестер арқау етіп алынса, коллизияда оған қарағанда кіші көлемдегі қақтығыс ретіндегі әрекеттер ғана сөз болады» [11, 206-б.] сынды бағалауға сәйкес ерекшеліктер көрінеді.

Демек, жазушы Теңізбайдың повесіндегі Ағабек аңшы мен оның баласы Дайрабай мен Күпілдек Көбен, жандайшап атшабар Құлғара араларындағы қақтығыс (конфликт) - замандық-халықтық күрес болмысының көрсеткіші. Ал, Есбол болыс пен Күпілдек Көбен екеуінің болыстыққа таласқаны, Есбол болыстың параға тұлпарын алса да, Күпілдек Көбеннің талап-сұранысын орындамағаны, Есбол болыстың патшалық кеңседегі баласының шені өсуі үшін Шұбарағаш қыстауын қоныс аударған орыс мұжықтарын бергені, екеуінің бақастық, күншілдік деңгейіндегі іс-әрекеттері – туынды композициясындағы шағын коллизиялық мәнді қақтығыстар әлеуметтік-психологиялық көрінісі.

Шығарманың композициясындағы шағын тартыстар (коллизиялық), ірі қақтығыстар (конфликт) жүйесінің ең орталық желісінде көркемөнер тұлғалары меноларды ешқашан бағаламайтын қарама-қайшы дүниетаным иелері араларындағы бітіспес көзқарастардың психологиялық-философиялық мағыналы қақтығысы шиеленісті жағдайда көрінеді. Шығарманың сюжеттік басталуындағы аңшы Ағабектің зорлықпен ажыраған атақыстауы Шұбарағашын сағынғанда ескі домбырасын бебеулетте, безілдете жырлайтынын («Құйқалы, көкқұмалы Шұбарағаш, сенімен әнім жалғас, жаным жалғас») Дайрабайдың еске алуы, халыққа кең тараған әндерді («Ақан серінің «Әудемжері», халық әні «Қарғаш», т.б.), күйлерді («Қорқыт Атаның күйлерін, «Алабайрақ», «Аққу айрылған», «Дайрабай», т.б.) орындаған

сәттеріндегі өнерден эстетикалық қуат алатын, жігерленетін, өмір сүруге құштарланатын, ақыл-ойы кемел өнер иелерінің тыңдаушы халықтық парасат биіктігіндегі болмыс-бітімі дараланған. Жазушының эпикалық баяндай суреттеулерінің көркем мағыналы бейнелеулерінен көрнек өнерінің сөз және әуез түрлеріне ортақ эстетикалық бағалаудың, психологиялық қабылдаудың табиғаттағы саналуан дыбыстармен, әуендермен, оқиғалармен, құбылыстармен баламалануы романтикалық сарындылығымен, реалистік шыншылдығымен оқырмандар жан ділін баурай бейнелеп суреттелген:

«О, күй атасы - Қорқыт баба! Өзің желеп, жебей гөр!». Домбырашы жігіт қиядан ұшқан қыран бүркіттей екі иығын қомданып алып, домбырасын қағып-қағып жіберді. Сол-ақ екен, жаңа ғана тілі жұлынған қоңыр аудай күрмеліп отырған домбыра күмбірлей жөнелді. Одан бірде үілдеген желдің, бірде сыбырлаған жапырақтың, бірде жел шайқаған қара орманның шуылы естіледі, енді бірде үйдей-үйдей толқындары жартасқа соғылып барып, кейін қайтқан дауылды теңіздің солығын баса алмай үһілеген дыбысы құлаққа келеді.

Бұдан кейін атойлап «Алабайрақ» кетті. Қара жердің төсін қасыған сансыз аттұяғының дүбірі, бір-біріне сатыр-сұтыр тиіп, кезек қайшыласқан болатсемсерлер сынғыры, «Аруақ!Аруақ!» деп ұран тастаған өр де намысшыл дауыстар жер-дүниені жаңғыртып, тұнық ауаны аяусыз тілгілегендей. Енді бір сәт дірілдеген егіз шек: «Алабайрақ! Алабайрақ! Жасаған жанға қайрақ!» деп кетті. Сонсоң домбыра үні бәсеңдеп барып, майда қоңыр бипыл әуенге ауысты.

Енді саңғырлап кеткен қос ішектен тұла бойды шымырлатар соны үн шығып, қоңыр домбыра аққу құс боп қаңқылдайды, кей-кейде үпір-шүпір сары үрпек балапандарын соңынан шұбырта ерткен мама қаздай мамырлады. Сонсоң домбыра үні ширай түсіп, шиыршық атып, су мен ауадай, аспан мен жердей, Күн мен Айдай мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт ата боп күңіренді, басына үкі таққан маймақ ботасын іздеген бозінген боп тайрақтады; туған жерін талақ етіп, бет-бағдарсыз үдере көшкен елдің көзінен бір-бір ұшқан «Саймақтың сары өзеніндей» сарқырап ақты.

...Бір кезде Дайрабай «Аққу айрылған» күйіне ауысқан еді. Сабырлы да сырбаз күй айдын көлді сызып, тұнығынан балдыр сүзген аққу құстай сұңқылдап, кейде қаңқ-қаңқ етіп, қанатымен су сабалап барып, солығын басқанда Ақбілек: -Аққу айрылған, аққу айрылған,-деп күбірледі...» [8,246-247 бб.].

Шығарма композициясындағы сюжеттік бөліктерде бірде жиналған жұртшылықтың алдында, бірде оңашада үйде өзімен-өзі, ал соңғы эпизодта жақында әйелі өліп, жалғыз қызы Күмісай екеуі айдаладағы киіз үйде отырған («қабағы түксиген, түсі суықтау отағасы»; «аса қою, қау сақал басқан қоңырқай жүзінде кірбің бар үй иесі«...Ортада

маздап жанған оттың жарығында кесте тігіп отырған талдырмаш денелі, бидай өңді бойжеткен» [8,299-300-бб.] екеуінің ықыласымен, сұрауымен күй орындау сәттерінің суреттелуі сөз өнері туындысының өмір философиясын тұтас қамтитын киелі құдіретіне оқырманды еліктіре кіріктіргендей әсерге бөлейді. Күй әуендерінің бірде қаһармандық рухпен жігерлендірген, бірде елжірете, егілте мұңдандырған сарындарынан жан жүйесі аласапыран толқуларға, тебіреністерге ұшыраған тыңдаушыларының көңіл-күй болмысы – өнер құдіретін ұлықтайтын адамзат ұрпақтарына ортақ психологиялық хал-ахуал.

Повесть соңындағы эпизодта Дайрабайдың мұңлы-зарлы күйін тыңдап отырған отағасының («Сырттай қарағанда берік көрінетін қаба сақалды, батыр тұлғалы үй иесінің екі иығы селк-селк етіп, жанарынан жылжып аққан ірі тамшылар жалпақ бетінен төмен сорғалап, үнсіз егіліп отыр екен»)[8,302-б.], бойжеткен қыздың көңіл-күйі - тағдыр талқысына, тауқымет соққысына ұшырап жүргендердің бәріне ортақ егілудің көрінісі. Күй – шерлі жүректерге ортақ мұң әуендерін өнер тілімен жеткізген сезім сазы. Ал, жалған дүниенің қайғыға, қасіретке толы тауқыметті болмысын егілте төгілген әуез әуендерінен кейін қиындыққа мойымауға, жігерленуге, қайраттануға, айбаттануға, асулы алыстарға аттандырар жауынгерлік-қаһармандық айбарлануға рухтандырған «Дайрабай» күйін тыңдаудан кейінгі кейіпкерлер мен оқырмандар бағалаулары да бір арнада тоғысады. Тыңдаушы бойжеткен домбырашы қыздың тебіренісі, жүрек алғысы («Біресе иесіз үйдің мұржасындай үілдеп, біресе, ондаған, жүздеген сәйгүліктер қатарласа шапқандай дүбірлеп, дүрілдеген күй бебеулей түсіп, солығын басқанда, күй әсерімен нәзік денесі бір ысынып, бір суынып отырған домбырашы қыз: -Аға, керемет күйші екенсіз,-деді ризашылық сезіммен,-үй маңынан ұзамай, басыр болып, басылып қалған көңілімізді Көктөбеге көтеріп тастадыңыз. Оған мың да бір рахмет!»)[8, 303 б.) арқылы өнер құдіретін жан жүйесімен қабылдаған адамдардың рухани әлем сұлулығы да айқындалған.

Көркем шығарманың тақырыптық аталуына негіз болған күй өнерінің өмір шындығына негізделген эстетикалық әсерінің адамдар жан жүйесін баураған психологиялық өмірдің ықпалы, қат-қабат әлемін қамтыған философиялық болмысы - басты кейіпкер ақын, әнші, күйші кейіпкердің күй орындау сәтімен түйінделгендей:

«Екі иығын қомданқырап алып, домбыра шанағын қағып-қағып жібергенде, қатқылдау үні ширығып шыққан егіз шектен үстінде алай-түлей қара дауыл тұрған көк жойқын дарияның шуылы естіліп қалғандай болды. Аспан ашық, желсіз, тымық күндері жай ғана жыбырлай жататын айдын бетінен кенет көк бұйра толқындар ереуілдей көтеріліп, жүз бүктеле ойнақ салып, қаһарын төгіп, күркіреп келіп, жер кемерге соғылып, быт-шыт болып, кері қайтқандай ма?! Бірақ арындап, гүрілдеп, атойлаған асау толқындар тұмсығым тасқа тиіп жүрегім шайлықты» деп

ойламайтын тәрізді. Бір сәтке тауы шағылғанымен, түпсіз дарияның тұңғық тереңінде шымырлай түсіп, бойына тың күш жинап, айналаны айран-топалаң етіп, бұрынғыданда гөрі екілене, есерлене жағалауға ұмтылады. Иә, көк жойқын дария ақ көбігін аспанға атып, сақ-сақ күледі; кейде әлденеге ызыланғандай өксіп-өксіп жылайды, кейде тұла бойы буырқанған ашу буып, гүр-гүр етіп, айбат шеккендей болады. Жо-жок, әлде, ол үстінде аласапыран дауыл тұрған көк мұхиттың сарыны емес, ғұмыр бойы жоқ-жұқаналықпен күн кешіп, еңбегі еш, тұзы сор болған қалың елдің бұғау қамытын жұлып тастап, зорлық пен қорлыққа қарсы дөң айбат көрсетуі ме?! Әй-әй, солай болар-ау! Сондықтан айналаға ұран тастап, атойлаған тентек те тегеурінді күй:

«Қайдасың, ала байрақ, ала байрақ. Жасыған жігерімді жаныр кайрақ!» деп тепсіне ме, қайтеді?» [8, 302-303 бб.].

Көркемөнер туындылары (сөз, әуез, бейнелеу, сымбат, сәулет) авторларының шығармашылық шабыт бұған сәттері – қарапайым, адамдарға байқала қоймайтын айрықша бір мезеттік психологиялық құбылыс. Повестің құрылысындағы сюжеттік бөліктерде басты кейіпкер Дайрабайдың ән,күй орындау сәттеріндегі саналуан көңіл-күй құбылыстары құрсауындағы табиғи келбеті – адамзат өркениетіндегі осындай тектес шығармашылық өнер иелеріне ортақ көрсеткіш.

Мысалы: «Жиі қағылған кіршіктей лыпылдаған саусақтар домбыраның бұғалық пернелерін бойлап барып, сағалық пернелерге түсіп, тың ән-әуез іздейді. Сол сәте қатты тартылған екі шектен шыққан үн «дәри-дай-дай» кейде әуелеп, кейде баяулап, енді бірде сыбызғыдай сыңсып кетеді.

...Қоңыр дауыспен қоңырлап басталған ән, бірте-бірте асқақтап, шалқи түсіп, шарықтап барады. Әнші даусын ышқына созып, асығып аптықпайды. Қайта ән әуезі көңілге шым-шымдап еніп, мап-майда ырғағымен жүректі баурайды» [8, 236 б.]. Көркем шығармалардағы кейіпкерлер портреттерінің бейнеленуінде идеялық-поэтикалық мағыналы астарлаулар, мегзеулер болады. Академик З.Ахметов көркем шығармадағы кейіпкерлер портреттерінің бейнеленуінде оларды сюжеттік оқиғалардың, тартыстардың сипатына орай қиялмен жасалуына, оқырманның өзіндік елестетуіне орайластырыла жазылатынын айтады: «Портрет (франц. *portrait*—бейнеленген-әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-келбетін, бой-тұлғасын суреттеу. ...Әдебиеттегі портреттің өзгешелігі мысалы, суретші бояумен кескінделген портреттен айырмасы, ол адамның бет-әлпетін, кейпін тұтас бейнелемей, көбінесе жекелеген ерекшеліктер, есте қаларлықтай сипат белгілер, көркемдік детальдар арқылы көрсетеді. Суретші жасаған портретте адамның бет-пішіні, кескін-келбеті суреттелген жеке сипат-белгілері негізінде ойша толықтырылып көзге елестетіледі» [2, 270-271 бб.].



«Күй аты – «Дайрабай» повесіндегі портреттік бейнелеулер де кейіпкерлерінің авторлық көркемдік-идеялық желі аясындағы қақтығыстармен, кейіпкерлер іс-әрекеттерімен сабақтастырыла, үндестіріле берілуімен ерекшеленеді. Мысалы, ару Ақбілектің ішкі монологынан Күпілдек Көбеннің жалғыз Нарқоспақтың портретін, ол туралы болжамды оқырман да кейіпкермен біріге жасайды:

«...сыртынан бір-ақ рет көрген Нарқоспақтың үлкен бұзаубасын, кертпеш танауын, ойсыз алайған көзін, ерте шыққан жуан қарнын көз алдына елестетсе, өз-өзінен қорынып, жасып қалады. Бәкене бойлы аласа, қол-аяғы қып-қысқа, шой желкесі күжірейген сол бадамша жігіт мұны түсіне қойса жақсы. Ал, әйел баланы нәзік жүрегі, ой сезімі, арман-үміті бар адам екен деп ойламай, ақша мен малға сатып алған зат деп қараса, Ақбілектің өмірі өле-өлгенше өксіп өтпей ме?» Құдай шебер-ай, бойжеткен деп мұң-қамсыз бұлғақтап жүргенде кімге душар қылдың? Мұны ойлағанда Ақбілектің нұрлы шұғылалы көздері алтын жүзіктің тозған гауһар тасындай көмескі тартып, жүзінің қызғылт бояуы оңып, түсі бұзылады» [8, 242 б.] ал, басты кейіпкер Ақбілек арудың портретінің бейнеленуіндегі романтизм мен реализм көркемдік әдістері бейнелеулері тоғысуындағы өрнектердің эстетикалық әсерлілігі айрықша: «Етегі желбіреген ақ көйлегі, жеңіл қара қамзолы бір уыс құмырсқа белін одансайын қиылдырған сұңғақ денелі, қолаң шашты арудың маңдайы аппақ екен, аспалы шамның сәулесімен жарқ етіп, көз қарықтырады, сәл қызарған аялы, нұрлы көздері қара түндей тұңғыық екен, сұқтанған, қызыққан көп назарды тереңіне батырып жіберді» [8, 246 б.].

Бас кейіпкер ақын, әнші, күйші-қобызшы Дайрабайдың портреті («...домбыра шектерін салалы саусақтарымен қағып-қағып қалған сәтте томағасын сыпырған тастүлек қырандай түлеп, өзгеріп, жайнап-жарқырап шыға келетін жас жігіттің өткір жүзі...» [8, 238-239 бб.] де өнерді өміріне өзек еткен Ұлы Дала Елі ұрпақтарына ортақ тән мен жан сұлулығы тұтастығымен ән шырқап, күй төгіп, көкпар тартып дараланған қазақ ұрпақтарының көркем жинақталған тарихи тұлғасын айқын елестетеді.

Шығарма арқауында алынған тағдыры таразыға түскен тарихи кезеңдердегі дәулеті, мансабы бар пенделердің сүлесок, мәнгүрт қалпының салдарынан ата-қоныстарынан айрылып, әр жаққа ауа көшкен қазақтың азып-тозуына, жат жұрттар құлдығына душар болуы да идеялық желілі ойлармен өрнектелген. Әлеуметтік психология мен өмір сүру философиясы бағалаулары сабақтасқан осындай ойлар кейіпкерлерінің даралаудағы коллизиялық байыптаулардан байқалады.

Мұндай монологтарда портреттік-мінездемелік бейнелеулер жасалған. Мысалы, кейіпкер Күпілдек Көбеннің қарапайым жылқышысының атақоныс Шұбарағаштың босқын мұжықтарға берілгеніне күйзелгенін естіп тұрып ойлану сәті де психологиялық

коллизия ерекшелігімен берілген: «Шұбарағашты бөтен жұртқа бергеннен кім ұтты, кім ұтылды? Алыстан дұшпан іздемей, қарамағындағы нашар жақыбайдың бәрін жау көріп, жолында тұрғанды омыраумен қағып, алдына келгенді шайнап тастайтын құтырған бурадай шабынған Көбен бе, әлде әрбір іс-қимылын алдын-ала есептеп, дүниенің бәрін жердің түбінен ойлайтын тақыс, есепқор Есбол ма?! [8, 260 б.]. Сюжеттің басталуында жас тоқал Ақбалақтың бағалауымен портреттік мінездемелермен («...бір ұрты май, бір ұрты қан кәрі күйеу...», «...еті қайтып шалбарлана бастаған қасаң денесі бір жылымайды»; «...теке сақал шалдың бірде бәсеңдеп, бірде үдеп шығатын түнгі қорылы...»; «...теке сақал шалдың құшағынан жалынды жар қызығын көре алмай») танылған Күпілдек Көбеннің бұл фәнидегі ең жиіркенішті пенде екендігі даралана бейнеленген. Отарланған халықты қорлауды, азаптауды өздеріне нәсілдік жоғары мәртебе санайтын орыс үкіметі орналасқан елді мекендегі шіркеу қоңырауларының үні, ал түрме басшының кескіні («...қасқырдікі сияқты сояудай қасқа тістерін көрсетіп ырсия күледі»)[8, 280 б.] түрме айдаушының сөзі («Сәде, киргиз в тюрьме сто лет»[8, 280 б.]) де, тергеушінің кейпі («Осы уақыттың ішінде Дайрабайдан тайқы маңдай, пұшық мұрын, сирек шашы кірпінің түгіндей тікірейген, шикіл сары тергеуші екі рет жауап алды. Алғашқы кездеуде әлгі үрпек бас тергеуші езуіне қыстырған темекінің көк түтінін бұрқыратып отырып «...кенет суық көздерін бұған оқтай қадап...» [8, 280 б.]) - жергілікті халыққа ажал, өлім, жазалау ғана тілейтін жендеттік-қатыгездік пиғылдағы жатжерлік билік иелерінің шынайы келбетін айқын көрсетеді.

Шығарманың құрылысындағы пейзаждық суреттеулер де сюжеттік бөліктеріндегі кейіпкерлердің көңіл-күйлерімен және оқиғалармен үндес психологиялық егіздеу поэтикасы сипатымен байқалады. Барымта-ұрлыққа аттанған адамдардың өмір мен өлім ортасындағы хал-жағдайынан, оларды ойлап уайымдаған ата-ананың көңіл-күйімен егізделген қалпынан («...үш күн бойы ышқына соғып, құтырған ақ боран басылып, аппақ дүние демін бір сәтке ішіне тартып, тыңдағандай»)[8, 271 б.]), алдағы жарқын болашақты жайнаған кейпін елестеткендей жыл басы көктемнің бейнеленуінен туындыға арқау болған тартыстардан, қақтығыстардан ада алдағы ажарлы, сұлу өмірдің көп дауысты, мол бояулы әлемі психологиялық егіздеу-мегзеу бағдарымен суреттелген:

«Тағы да көктем келді. Қызыл тобылғы жапырақ жайып, қараған біткен түгел гүлдеп, сәуірде селдетіп өткен ақ жаңбырдан кейін күнгей беткейде, құйқалы жоталарда қызыл, сары, ақ қызғалдақтар, сарғалдақтар дүркірей көтерілді. Олар самал желмен желкілдеп, құлпыра түсіп, көздің жауын алады. Алты ай қыста онша жылы шырай танытпай, біресе бұлттанып, біресе мұнартып, еңсені басқан аспан әлемі де шайдай ашылып, тұңғыық тартып, біртүрлі биіктеп кеткендей.

Көк зүмірат аспанға арқан бойы көтеріліп, шексіз-түпсіз көгілдір дүниеге қара мендей жарасып, ақ тамағы бүлк-бүлк етіп, сахара бұлбұлы – бозторғай шырылдайды. Бозторғай екеш, бозторғай да, жібек талдай мың бұратылып, құйқылжыта салған әнімен қыс бойы қатып жатқан сүрі қардан арылып, жаңарып-жасарған жас дүниені мадақ еткендей»[8, 266 б.].

Тіршілік қозғалыстарындағы адам мен қоршаған табиғат құбылыстарын, тұрмыстық-әлеуметтік ортаға тән іс-әрекеттерді, құбылыстарды, қасиеттерді баламалай бейнелеу арқылы туындының құрылысындағы көркемдік бояулардың халықтық-этнографиялық, көркем ойлау ұстанымдары айқындала түскен. Эпикалық баяндаулар мен кейіпкерлер диалогтары арқауына халық жадында жатталған қанатты сөздерді, фразеологиялық тіркестерді, сөйленімдерді пайдаланудан шығарманың көркемдік-эстетикалық әсерлілігі күшейе түскендігі байқалады. Мысалы: «Құтырған қасқырдай қотаныңа түсер», «Ағайын бірде тату, бірде қату», «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық», «Ит не жесе соны құсады», «Қартайған кісіге қарға адым жер де мұң», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды», «Орамал тон болмайды, жол болады», «Құданың атымен күл тасы», «Ит ұяласынан қорықпайды», «Жылы, жылы сөйлесе, жылан да інінен шығады», «Өлім барда, қаза бар», «Бала – қызық, немере – тәтті», «Шайпау болса, қатын жау, жаман болса, жақын жау», «Ақырзаман жақындағанда, жүзі төмен, жүрегі шемен тас бауырлар көбейеді», «Сыпайы тоңбайды, қалтырайды», «Ит ашуын тырнадан алады», «Өз үйің – өлең төсегің», «Өсетін елдің балалары бірін-бірі батыр дейді», «Естіген құлақта жазық жоқ», «Бар болсаң, көре алмайтын, жоқ болсаң, бере алмайтын көп шуылдақ», «Қарына тартпағанның қары сынсын», «Иттің басын алтын табаққа салсаң шоршып түседі», «Әйел – өмір жаннаты, арғымақ – ердің қанаты», «Қашанда көптің қарғысына ұшыраған адам оңбайды», «Түйенің танығаны – жапырақ», «Күй – құдірет, ән-қуаныш», «Қадір-қасиетінді білетін үзеңгі достарыңның қатары сиреп, сопайып соқа басы қалған қарт-жетім, бауырындағы баласынан айырылған ана – жетім, атақонысынан айырылып, айдалада сансырап, сандалып қалған ер-азамат – жетім», «Сабыр түбі – сары алтын», «Мал аласы – сыртында, адам аласы – ішінде», «Әні – ақ көңілінің ажары, күйі – көкірегінің күмбірі, өлеңі – ақжарма жанының өзегі», «Ер – егесте, нар көшуде сыналады», «Жат жерде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», т.б.

Жазушының туындысындағы кейіпкерлердің тағдыр тауқыметтерімен бетпе-бет келгенде де мойымастан алға ұмтылатыны, жауыздықтың, қатыгездіктің ақыры жеңілетініне, жақсылықтың салтанат құратынына өршіл оптимизм рухымен, арманды сеніммен қарайтын көзқарастары өмір философиясының жалпыадамзатқа ортақ дүниетанымы бағдарымен суреттелген. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде [12, 13] де

шығармашылық өнер психологиясын қарастырған қаламгердің дүниетанымы әлемінен көркемдік-эстетикалық ұстанымдар тұтастығын танимыз.

Қорыта айтқанда, жазушы Теңізбай Нәбиұлы Рахымжановтың «Күй аты – «Дайрабай» повесін мазмұн мен пішін поэтикасы заңдылықтарына сәйкес шеберлікпен жазылған көрнекті туындылар қатарында бағалаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық-монография. – Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.
- 2 Рахымжанов Т. Күн тамшысы; Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1973. – 56 б.
- 3 Рахымжанов Т. Алтын керуен. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1980. – 56 б.
- 4 Рахымжанов Т. Оралу: Повесть және әңгіме. – Алматы: Жалын, 1982. – 156 б.
- 5 Рахымжанов Т. Туысқандар. Повесть және әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1984. – 200 б.
- 6 Рахымжанов Т. Көгілдір тырналар; Повесть, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 224 б.
- 7 Рахымжанов Т. Жанайғайы: Повесть // Жалын, 1992. – №9-10. – Б. 29-50
- 8 Рахымжанов Т. Жел өтіндегі ұя. «Күй аты – «Дайрабай: Повестер // «Сары-арқа кітапханасы» сериясының жинағы. – Астана: Фолиант, 2014. – 400б. – Б. 191-304
- 9 Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 11-том. Өмір сүру философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 512 б.
- 10 Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә.Әлімжанов және т.б. – Алматы: Раритет, 2007. – 336 б.
- 11 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 12 Рахымжанов Т. Развитие импровизаторской традиции в казахской народной поэзии: Авторефераты канд.дисс. – Алматы, 1975. – 35 с.
- 13 Рахымжанов Т. Романның көркемдік әлемі. – Алматы: Рауан, 1997. – 224 б.